



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

**КОМПЬЮТЕРЛІК ҚОЛДАНБАЛЫ ЖҮЙЕНІ
ҚҰЖАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ**

ҚР СТ ИСО/МЭК 6592-2002

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 ТК 34 «Ақпараттық технологиялар» стандарттау жөніндегі техникалық комитет
ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы №519 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

2007 жыл
5 жыл

4 Осы стандарт ИСО/МЭК ТО 6592:2000 «Ақпараттық технология. компьютерлік қолданбалы жүйені құжаттау жөніндегі басшылық» мәтінімен бірдей болуы тиіс.

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	2
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Стандартты қолдану	2
4.1	Құжаттау мақсаты	3
4.2	Құжаттау принциптері	3
4.3	Стандартты бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесіне қолдану	3
4.3.1	Жалпы қолдану	3
4.3.2	Құжат мазмұнының сипаттамасы	4
4.3.3	Қолданыстағы құжаттардың мазмұнына шолу	4
4.4	Шектеу	5
4.5	Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету	5
5	Құжаттау әдісі	5
5.1	Ақпараттық бірліктің сипаттамасына шолу	5
5.2	Құжаттама профилі	5
5.3	Ақпараттық бірліктің сипаттамасы	6
5.4	Ақпараттық бірліктің нақты сипаттамасы	11
	А қосымшасы (ақпараттық). Құжаттама профилінің мысалы	32
	Б қосымшасы (анықтамалық). Библиография	36

Кіріспе

Құжаттау бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу жөніндегі кез келген жобаны табысты іске асыру үшін қажетті шарт болып табылады. Басшылық құжаттардың қажетті көлемі мен мазмұнын анықтайды. Құжаттамада ақпаратты пайдаланушылар үшін барлық қажеттіліктер енгізілуі тиіс. Осы стандарт бағдарламалық қамтамасыз етудің өмірлік циклі кезінде пайдаланылатын құжаттардың тиісті комплектісін анықтау әдісін қамтамасыз етеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология**КОМПЬЮТЕРЛІК ҚОЛДАНБАЛЫ ЖҮЙЕНІ
ҚҰЖАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ**

Енгізілген күні 2004-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ақпараттық жүйені құжаттау жөніндегі басшылықты ұсынады және осы салада пайдалануға арналған. Осы стандарт АҚ бағдарламалық қамтамасыз ету үшін қолданылады. Сонымен бірге техникалық құралдардың кейбір жақтарын, мысалы жүйенің конфигурациясын қарайды.

Осы стандарт құжаттарды ұйымдастыру немесе құрылымдау жөніндегі басшылық болып табылмайды. Ол құжаттың мазмұны туралы келісетін екі тарап үшін бақылау тізімін қамтамасыз етеді.

Осы стандартта ұсынылып отырған нұсқаулық:

әзірлеу процесіне қатысу үшін АҚ өмірлік циклімен байланысты тараптардың қажетті міндеттемелерге жетуі;

бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесінің нақты жоспарланған, стандартталған құжаттарын жасауға жәрдемдесу;

бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесінің құжаттарын бағдарламалық қамтамасыз етудің өмірлік циклімен қатар әзірлеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін әзірленді.

Бағдарламалық қамтамасыз етудің өмірлік циклі ішіндегі құжаттар үшін белгіленген ережелер:

тиісті ақпаратпен қамтамасыз етуді;

құжаттамалардың әзірленуін;

жобаны іске асыру үшін қажет етілетін уақыт пен қаражатты есептеуді;

- жүйе үшін қол жеткен мақсаттарды таңдауға;

- аяқталған және ойластырылған функционалдық дизайнға;

- түсініксіздіктер мен қателер сапасының азаюына алып келетін мүдделі тараптар арасында ақпарат алмасуды;

бағдарламалық қамтамасыз етудің өмірлік циклі ішіндегі персоналдың шешімі мен нұсқамасын қабылдауды сөзсіз жеңілдетеді.

Осы стандарт АҚ тұтастай бірқатарына қолдану үшін әзірленді және жүйенің бағдарламалық қамтамасыз ету құрамдас бөліктері жеткілікті ауқымдағы диапазонда күрделілігі бойынша өзгеруі мүмкін.

Осы стандарт кез келген табиғи тілдегі құжаттарға қолданылады және оның орындалуы үшін пайдаланылатын құралдарға байланысты емес, яғни, принциптер тұтастай алғанда қолданылады, бірақ кейбір жағдайларда құрылым мен форматта келіспеушілік болуы мүмкін.

Осы стандарт негізінен бағдарламалық қамтамасыз етуді жоспарлау саласында пайдалануға арналса да (software engineering - SE) сондай-ақ ол әзірлеушілердің SE, тапсырыс берушілердің SE және пайдаланушылардың SE стратегиясымен SE байланысты топтарды қоса алғанда SE аз қатысы бар басқа да топтарда қолданылуы мүмкін. Осы стандарт кейбір құжаттарды жасай алатын осы топтар үшін үлкен маңызы бар.

SE байланысты қызмет құжаттаудың меншікті құралы бар әдістерді, техникаларды және инструменттік құралдарды пайдалануды көздейді. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілер осы тип құжаттарын пайдалана алады, бірақ осы стандартта ұсынылған принциптер мен практиканы сақтауы тиіс.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта нормативтік сілтемелер жоқ. Ақпараттық сілтемелер библиографияда көрсетілген.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамалармен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Құжат – қоғамдық пайдалану үшін баяндама, өзгешеліктер, анықтамалар немесе кітаптар сияқты сөзсіз анықталған ақпарат бірлігі;

3.2 Құжаттау – бір немесе бірнеше құжаттарды жасау;

3.3 Ақпараттық бірлік (тармақша) – ақпараттық элементтердің айқындалған тобы;

Ескертпе – тармақша ақпараттық бірліктің бір бөлігі болып табылады.

3.4 Құжаттама профилі – бір немесе бірнеше құжаттардың мазмұнын сипаттайтын ақпараттық бірліктердің кестесі;

3.5 Шартты ақпарат – оған жататын әрбір блоктармен қоса ұсынылатын ақпарат;

3.6 Міндетті емес ақпарат - өндірушінің немесе сауда ұйымының қалауы бойынша ұсынылған ақпарат.

4 Стандартты қолдану

Осы стандарт SE саласындағы бірқатар құжаттар үшін пайдаланылуы мүмкін. Оның негізгі мақсаты әзірлеу барысында бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесін құжаттау болып табылады, бірақ ол өмірлік циклдің басқа да жақтарында қолданылуы мүмкін, мысалы, жүйені сүйемелдеу, жүйенің жұмысы және жобаны әзірлеушілердің тобын қалыптастыру кезінде.

Осы стандарт өмірлік циклдің кез келген моделі үшін құжаттарды дайындауды қамтамасыз етеді және моделге немесе әдістемеге қатысты емес.

Құжаттау құжаттар аралас фаздар арасында ақпараттық құралды қамтамасыз ететін өзара байланысты фазбен қатар өмірлік циклі үшін нақты орындалатын жұмыстың есебін қамтамасыз етеді.

Құжаттар әзірлеудің кезекті кезеңі басталар алдында кейбір әзірлеу процестері қайталанатын қайталанбалы өмірлік цикл үшін өспелі нақтылауды көрсетуі мүмкін немесе нақтылау деңгейі тұрақты болып қалуы мүмкін.

Өмір циклінің модельдік немесе параллельдік дамуы үшін сандағы жеке топтардың жүйені бағдарламалық қамтамасыз ету үшін жұмыс істеуіне құжаттар топтар арасында байланыс құрады және сандағы ақпаратты хабарлау мен бөлшектеуінің қажетті деңгейін табу үшін ақпараттық бірліктерді анықтайды

Өмірлік циклдің процестері бойынша басшылық ИСО/МЭК 12207 [2] көрсетілген. Егер осы стандарт қолданылатын болса, осы стандартта атап көрсетілген ақпараттық бірлікке кейбір түзетулер қажет болуы мүмкін.

4.1 Құжаттау мақсаты

Құжаттаудың төрт негізгі мақсаты бар:

оның өмірлік циклі бойына жүйе туралы ақпаратты сипаттау мен жазу;

АҚ пайдалану қарапайымдылығына және сүйемелдеу қолайлылығына ықпал ету;

өмірлік цикл процесіне бақылау жасауға жәрдемдесу;

жүйе туралы ақпаратты қажет етушілерге хабарлау.

4.2 Құжаттау принциптері

Құжаттаудың негізгі принципі жүйе құжаттарын пайдаланушылардың барлық типін орналастыру болып табылады, осы контекстегі термин пайдаланушы бағдарламалық құралдардың ақырғы пайдаланушысын ғана емес, сондай-ақ әзірлеу процесі ішінде дайындалған құжаттарды пайдаланатын әзірлеушілерді, зерттеушілерді және басқа да адамдарды да қамтиды.

Пайдаланушылардың әртүрлі типтерін белгілегеннен кейін (стандарт «аудитория» сияқты осы пайдаланушыларға кешірек өтініш жасайды) олардың ақпараттағы қажеттіліктері туралы ойлану қажет. Ақырғы пайдаланушылар әзірлеушілер сияқты орындалатын тапсырмаға байланысты әртүрлі ақпаратты қажет етеді.

Құжаттау процесін жеңілдету үшін жақсы әзірленген бірқатар әдістер бар. Осы стандарттың қандай да бір ерекше әдісті пайдалануға қатысы жоқ. Пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандырған құжаттар жоспарлауды қажет етеді.

Ақпараттық бірліктер тізбесі жөніндегі келісімге жеткенде осы ақпараттың бірліктерін ерекше құжаттарға жатқызу үшін құжаттама профилін пайдаланыңыздар. Осы стандартта сипатталған құжаттар кез келген ортада жазылуы мүмкін. Кейбір құжаттамалық әдістер құжаттың тиісті ортасын анықтауға, жоспарлауға және құрылымына жәрдемдеседі.

4.3 Стандартты бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесіне қолдану

4.3.1 Жалпы қолдану

Осы стандартты қолдану үшін құжаттарды пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктері анықталуы тиіс. Осы қажеттіліктер құжаттама профилінде (5.2-тармағын қараңыз) ақпараттық бірліктер сипаттамасымен көрсетілуі тиіс.

Құжаттама профилін дайындау жүйелік құжаттаманың толық комплектісі құрылатын құжаттар мазмұнын белгілеу үшін қажет. Тапсырыс беруші мен жеткізуші тапсырыс берушіге жеткізілетін құжаттамалық жинақтың мазмұнын алдын ала түсіну үшін профилді келісіп алуы тиіс.

Құжаттама профилін әзірлеу екі тарапқа да құжаттың тақырыбы мен мазмұны туралы келісуге мүмкіндік береді.

Құжаттардың мазмұны мен күрделілігі бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесін қолдануға және профилде белгіленген құжаттарды пайдаланушылардың аудиториясына байланысты.

Құжаттардың мазмұны мен күрделілігін анықтау үшін қажетті ақпараттық бірліктер үш деңгейде көрсетілген. Бұл деңгейлер мынадай әртүрлі жақтарда пайдаланылуы мүмкін:

1-деңгейдегі ақпараттық бірліктер жиынтық құжаттарға немесе өмірлік циклдің алғашқы сатысына қажет етілуі мүмкін 2 және 3-деңгейдегі ақпараттық бірліктер нақтыланған құжаттарға немесе өмірлік циклдің соңғы сатысына қажет етілуі мүмкін;

1-деңгейдегі ақпараттық бірліктер нақтыланған құжаттарға қажеттілік жоқ, қарапайым жүйелерге қажет етілуі мүмкін;

2 және 3-деңгейдегі ақпараттық бірліктер осал болып есептелетін бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі үшін қажет етілуі мүмкін.

Осы стандарт құжаттардың ерекше түрлерін және олардың мазмұнын анықтау үшін сияқты, осы стандартқа сәйкес құжаттар типтерінің қалыптасқан жинағын тексеру үшін де қолданылуы мүмкін.

4.3.2 Құжат мазмұнының сипаттамасы

Құжаттама профилінің сипаттамасын аяқтау үшін мынадай қадамдарды қолдануға болады:

- өмірлік цикл бойына қандай құжаттар қажет екенін белгілеу. Бұл құжаттардың атауы құжаттамадағы графаның жоғары бөлігінде қатар көрсетілуі тиіс;

- әрбір ақпараттық бірліктің мазмұнын оның құжатта болу қажеттігін анықтау үшін қарау. Ақпарат типін белгілеу: негізгі (Н), шартты (Ш) немесе міндетті емес (МЕ)

Құжат үшін қандай деңгей қажет екенін анықтау үшін әртүрлі деңгейде ақпараттық бірліктерді, олардың сипаттамасын тексеріңіз және құжаттаманың қажетті деңгейіне код жазыңыз (Н, Ш немесе МЕ).

Мысалдарды пайдалана отырып мазмұнын түсіндіру ұсынылады.

Белгілі бір жағдайларда осы құжат үшін құжаттама профилі аяқталғанға дейін құжатқа қосылған ақпараттық бірліктерді көрсете отырып құжатты анықтау қонымдырақ. Бұл, егер тапсырыс беруші құжат мазмұнының бақылау кестесін анықтағысы келген жағдайда жөнді болады.

Балама ретінде тармақтар мен тармақшалардың тізімі нақтылаудың осы деңгейі үшін осы стандартта бірдейлендірілген тармақшалардың толық жинағы жоқ құжатты анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

4.3.3 Қолданыстағы құжаттардың мазмұнына шолу

Осы стандарт, сондай-ақ қолданыстағы құжаттамалар комплектісіндегі олардың осы стандартқа сәйкестігін белгілеу мақсатында құжаттарға шолу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Бұл процесс қолданыстағы құжаттамалар комплектісіндегі құжаттарды салыстыруға жәрдемдеседі. Шолу мынадай тұрғыда жүзеге асырылуы мүмкін:

- бір жағында атап көрсетілген параграфтардың нөмірлерімен және қолданыстағы құжаттардың атауларымен салыстырма кестені және екінші жағында ақпараттық бірліктердің сипаттамасынан тармақтардың нөмірлері қосылатын бағанды дайындау;

- қолданыстағы құжаттамалар комплектісіндегі ақпараттық бірлікті белгілеу және ақпараттық бірліктердің сипаттамасындағы ақпараттық бірліктер тізбесіне шолу;

- ақпараттық бірлікке сәйкес қолданыстағы құжаттама комплектісіндегі ақпараттық бірлікті белгілеу. Бағанға тиісті ақпараттық бірліктердің нөмірлерін параграфтардың тиісті нөмірлерінің және құжаттаманың қолданыстағы жинағы атауының қасына жазыңыз;

Ескертпе – бірнеше нөмірлер параграфтың және құжаттама комплекісіндегі атаудың бір нөміріне жатқызылуы мүмкін.

- осы стандартта тиісті ақпараттық бірліктері жоқ, қолданыстағы құжаттама комплекісіндегі кез келген ақпараттық бірліктерді белгілеңіз;
- барлық қажетті ақпараттық бірліктердің құжатқа енгізілгенін растау үшін осы стандарттағы басқа да ақпараттық бірліктерді тексеріңіз.

4.4 Шектеу

Ерекше құжаттың немесе ақпараттық бірліктің бір жүйеге қатысы болмауы және басқалар үшін маңызы болуы мүмкін. Осы стандартты пайдалана отырып әзірленген құжаттаманың профилі, егер ақпарат құжаттамаға енгізілмесе, онда бұл тексермеудің салдары емес, қолданылып жүрген шешімнің нәтижесі болып табылатынын растау үшін қолданылуы мүмкін.

Сондықтан осы стандартты қолдана отырып, жасалатын құжаттарда ақпараттық бірліктерді пайдалануды шектейтін мынадай көрсеткіштерді назарға алған жөн:

- аяқталуы: құжаттама профилі үшін қажетті кез келген ақпараттық бірлік жүйе құжаттамасының комплекісіне қосылуы тиіс, керісінше жағдайда оның қосылмау себебін көрсету керек;
- маңыздылық: осы ақпараттық бірлікті құжаттама профиліне қосу үшін негіздемені беру қажет (ерекше құжат үшін);
- нақтылау дәрежесі: бір және сол сияқты құжатта осы ақпараттық бірлік үшін нақтылаудың әртүрлі дәрежесі кездесуі мүмкін.

4.5 Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету

Осы стандарт құжаттар бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі құжаттарының ақпараттық бірліктерін анықтау үшін иерархиялық профилдерді пайдалану көмегімен анықталатын және негізінен бағдарлама мен деректерді әзірлеу үшін ақпараттық бірліктерге шоғырланатын құрылымды белгілейді. Осы стандарт қажеттілігі бойынша ақпараттық бірліктерді толықтыру, өзгерту және жою жолымен икемделген болуы мүмкін, сондай құрылым әзірге пайдаланылып отыр.

5 Құжаттау әдісі

5.1 Ақпараттық бірліктің сипаттамасына шолу

Шолу 1-суреттегі үш құрылымдық каталог ретінде ұсынылды. Каталогта ақпараттық бірліктер сипаттамасында толық жазылған ақпараттық бірліктердің атауы мен нөмірі бар (5.3 және 5.4- тармақтар).

«Құрылым» тақырыбында көрсетілген тармақтардың нөмірі мен атауы арнаулы ақпаратты белгілейтін «Ақпараттық бірлік» бағаны үшін топ және кіші топ тақырыптары болып табылады.

5.2 Құжаттама профилі

Құжаттама профилінің нысаны (2-сурет) бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі үшін құжаттама профилін жасау үшін үлгі ретінде ұсынылды.

Құжаттама профилінде кесте бірнеше бағанға бөлінеді. Бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі үшін қажетті әрбір құжат бағанмен берілген (мысалы, А, В, С). 2-суретте

бейнеленген құжаттарды қалай бірдейлендіру керектігін мысал ретінде А қосымшаны қараңыз.

Құжаттама профилін аяқтағаннан кейін құжаттау жоспарын әзірлеу үшін және бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі нақтылаудың жеткілікті дәрежесінде құжатталғанын тексеру үшін пайдаланылуы мүмкін.

5.3 Ақпараттық бірліктің сипаттамасы

Құжаттарды дайындау үшін ақпарат ақпараттық бірліктерден алынады. Ақпараттық бірлікте оның сипаттамасы үшін қажетті нақтылау дәрежесіне байланысты тармақшалардың кейбір саны болуы мүмкін. Тармақшалар иерархиялық тәртіпте көрсетіледі, нөмірлеу бойынша келісім үшін негіз ақпараттық бірліктер үшін пайдаланылады.

Нөмірлеу бойынша келісім:

- әрбір тақырыптың өзінің позициясы мен иерархиясын анықтау үшін нөмірі болады;

- әрбір ақпараттық бірлікте төрт цифрға дейін пункттің нөмірі бар;

- әрбір тармақшада ақпараттық бірліктің нөмірінен және нүктемен бөлінген бұдан кейінгі нөмірден тұратын нөмір бар.

Ақпараттық бірліктер топталған және тақырыптармен белгіленген. Тақырып құрылымдағы орнына сәйкес нөмірді қамтиды. Нөмірден кейін топтың атауы келеді (қысқаша сипаттама болуы мүмкін – 4-суретті қараңыз).

Тақырыптардан кейін әрбір ақпараттық бірліктен соң тармақтың өз нөмірі келеді. Тармақтың нөмірі тармақ үшін сыныптаманы және оның иерархиядағы позициясын қамтамасыз етеді. Ақпараттық бірліктер екі нысанда болуы мүмкін:

1. Жалғыз ақпараттық бірліктің өз нөмірі, атауы және мазмұны бар (4-суретті қараңыз). Жалғыз ақпараттық бірлік құжатта болуы да, болмауы да мүмкін, бірақ нақтылаудың ауыспалы деңгейлерінде болмайды.

2. Құрамдас ақпараттық бірлік бірнеше тармақшалардан тұрады, олардың әрқайсысының өз нөмірі, атауы және мазмұны бар. Құрамдас ақпараттық бірлік құжаттағы нақтылаудың ауыспалы деңгейлерінде болуы мүмкін. Құрамдас ақпараттық бірліктегі нақтылау дәрежесі қажетті деңгейге сай тармақшалардың бірігуімен көрсетілген (4, 5 және 6-суреттерді қараңыз). Осы стандартта құрамдас ақпараттық бірлік нақтылаудың екі және үш дәрежесінен тұрады. (4-суретті қараңыз).

4, 5 және 6-суреттегі штрихталған баған бұдан кейінгі нақтылау деңгейінің жоқтығын көрсетеді. Бұл жағдайда қажетті нақтылау 1 немесе 2- деңгейде ұсынылуы тиіс.

Бағандар (1, 2 немесе 3-деңгей) нақтылау дәрежесін көрсетеді. Құрамдас ақпараттық бірлік жағдайында 2-деңгей 1-деңгейдегі барлық тармақшаларды, бұған қоса бірнеше қосымша тармақшаларды өзіне алады. Сондай-ақ 3-деңгей 2-деңгейдегі барлық тармақшаларды, бұған қоса құрамдас ақпараттық бірлік үшін барлық қалған тармақшаларды өзіне алады.

Бұл (4, 5 және 6-суреттерді қараңыз):

- 1-деңгейдегі ақпараттық бірлікте ақпараттық бірліктің «1-деңгей» бағанында көрсетілген барлық тармақшалар бар;

- 2-деңгейдегі ақпараттық бірлікте ақпараттық бірліктің «2-деңгей» бағанында көрсетілген барлық тармақшалар бар;

- 3-деңгейдегі ақпараттық бірлікте ақпараттық бірліктің «3-деңгей» бағанында көрсетілген барлық тармақшалар бар.

Бірте-бірте келесі құжаттарда құрамдас ақпараттық бірлік осы мәселе бойынша ақпараттың қосымша тармақшаларын қосу жолымен нақтылаудың көбеюінде кездесуі мүмкін.

Нақтылау дәрежесінің осы біртіндеп өзгеруі бағдарламаның өмірлік циклінде бұрын әзірленген құжаттарды қайтадан қарауға әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан өмірлік цикл ішінде тармақшалар мазмұны жағынан бірдей болып қалуы міндетті емес. Жобамен жұмыс барысында бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесін нақты көрсету үшін ақпаратты түзету қажет болуы мүмкін.

Егер тармақшаның атауы екі немесе бірнеше деңгейде қатар кездесетін болса, тармақшаның мәні барлық деңгейде бірдей болуы мүмкін немесе қажеттілігіне қарай 2 және 3 деңгейге өсуі мүмкін.

Құжатта құжаттама профилінде көрсетілген талаптарға байланысты нақтылаудың әртүрлі деңгейлеріндегі ақпараттық бірлік болуы мүмкін.

Құрылым			Ақпараттық бірлік
1. Жүйенің талаптары			11 Проблеманы анықтау
			12 Мақсаттар
			13 Ұсыныстар үшін негіздемелер
			14 Құжаттардың сілтемесі
2. Жүйенің сипаттамасы	21. Жүйені бірдейлендіру		15 Шектеу
			16 Тіл
			17 Шарттық ақпарат
			211 Жүйенің атауы
	22. Егжей-тегжейлі талаптар		212 Жүйенің мақсаттары
			221 Функционалдық талаптар
			222 Мәліметтер
			223 Дайындық сипаттамасы
	23. Жүйелік құрамдас бөліктер	231 Жүйені ұйымдастыру	224 Қысқарту
			225 Терминология
			226 Ақпараттық модель
			2311 Құрылым
		232 Бағдарламалық қамтамасыз етудің құрамдас бөліктері	2312 Интерфейстер
			2321 Бағдарламалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру
			2322 Деректерді алу
			2331 Деректерді өңдеу блогы
	24. Тестілеу		2332 Деректердің перифериялық жабдығы
			2333 Технологиялық перифериялық жабдық
			2334 Басқа да жабдық
			2335 Жабдық
			2336 Үй-жай/құрал-жабдық
			241 Сынақтың мақсаты мен құралы
	25. Инсталляция		242 Сынауың әдістері
			243 Бақылау үлгісі/аттестаттау
			251 Инсталляция/пайдалану
	26. Адам ресурстары		252 Оқыту

		261 Персонал
3. Бағалау индикаторлары		262 Ұйым
		31 Шығыстар/Кірістер
		32 Исталляция тәжірибесі
		33 Жетістіктер/Кемшіліктер
		34 Өлшемдер/бағалау әдістері
		35 Бағалау нәтижелері
4. Қорытындылар/Ұсыныстар		41 Шешім
		42 Негіздеме
		43 Жауапкершілік

1-сурет – Ақпараттық бірліктің сипаттамасына шолу

11									
12									
13									
14									
15									
16									
17									
211									
212									
221									
222									
223									
224									
225									
226									
2311									
2312									

2321									
2322									
2331									
2332									
2333									

Құжат А =

Құжат В =

Құжат С =


Құжат D =

Құжат E =


Құжат F =

Құжат G =


2-сурет – Құжаттаманың профилі




3- сурет Ақпараттық бірлік сипаттамасының иллюстрациясы



4-сурет – Ақпараттық бірліктің 1-деңгейінің иллюстрациясы



5-сурет – Ақпараттық бірліктің 2-деңгейінің иллюстрациясы



6-сурет – Ақпараттық бірліктің 3-деңгейінің иллюстрациясы

5.4 Ақпараттық бірліктің нақты сипаттамасы

№	Ақпараттық бірлік			Ақпараттық бірліктің мазмұны
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	
1.Жүйенің талаптары				
11	Проблеманы анықтау			Проблеманың тұжырымдамасы мен анықтамасы бағдарламалық қамтамасыз етудің дамуы кезінде шешіледі
12	Мақсаттар			Бағдарламалық қамтамасыз етуден күтілетін нәтижелерді және бағдарламалық қамтамасыз етудің талаптарын бекіту
13	Ұсыныстар үшін негіздемелер			Ұсыныстар үшін себеп пен негіздеме
14	Сілтеме			Дамудың келесі фазы үшін деректі сілтемелердің тізбесі, мысалы, ағымдағы жай-күйдің құжаттамасы
15	Шектеу			Мысалы, мынадай: - іске асыру әдісі - есептік кезең - аяқтау уақыты сияқты фаздар үшін сатып алушы ұсынған әзірлеу жөніндегі талаптарды (шектеу шарты, сапаны жоспарлау, қауіпсіздік) бекіту
16	Тіл			Құжаттар үшін пайдаланылатын тілдер

				анықталуы тиіс, мысалы жапон, француз, ағылшын
17	Шарттық ақпарат			Шарттық ақпарат көрсетілуі тиіс. Сондай-ақ, авторлық құқық, лицензиялау шарттары, пайдалану немесе кепілдік беру шарттары көрсетілуі тиіс. Кепілдік беруші аталуы тиіс.
	2. Жүйенің сипаттамасы			

№	Ақпараттық бірлік			Ақпараттық бірліктің мазмұны
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	
	21 Жүйені бірдейлендіру			
211	Жүйенің атауы			Жүйені анықтайтын атау және бірлік нөмірі (мүмкіндігінше) немесе өнімнің коды
212	Жүйенің мақсаттары Жүйенің параметрлері: - Жүйенің сыртқы эффектісі - Жинақтаушы тораптарды құрудағы жүйе сипаттамасы бойынша талаптар			
212.1	Қажетті атау	Қажетті атау	Қажетті атау	Жүйенің мақсатын анықтайтын атау
212.2	Қажетті мазмұн	Қажетті мазмұн	Қажетті мазмұн	Жүйе мақсатының сипаттамасы мен қолдану мақсаты
212.3		Қажетті иерархия	Қажетті иерархия	Жоғарғы немесе төменгі деңгейлердегі жүйе мақсаттарын ұсыну (жеке, дара мақсаттар; негізгі сәйкес мақсаттар)
212.4		Қолданылу саласы	Қолданылу саласы	Жүйенің жекелеген талаптарын қолдану саласы
212.5		Қарама-қайшы талаптар	Қарама-қайшы талаптар	Бір талаптың орындалуы басқа талаптың орындалуына кедергі жасайтын қарама-қайшы талаптар
212.6		Аяқтау мерзімі	Аяқтау мерзімі	Белгілі бір талап орындалған немесе орындалуға тиіс кездегі уақыт
212.7		Аяқталу дәрежесі	Аяқталу дәрежесі	Ерекше талап орындалған немесе орындалуға тиіс кездегі дәрежені анықтау
212.8			Сипаттама индикаторы	Талаптарды орындауды бағалау үшін пайдаланылуы тиіс индикаторларды анықтау
212.9			Жүктеме	Талаптардың басымдығын анықтау үшін және объективті басымдықтарды бекіту үшін әдістер
	22 Нақты талаптар Физикалық/логикалық жүйенің сипаттамасы бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу кезінде жүзеге асырылады			
221	Функционалдық талаптар Функционалдық талаптар жүйе оларды техникалық іске асырмай-ақ қамтамасыз ететін барлық логикалық функцияны қамтиды			

221.1	Есептердің аты	Есептер-дің аты	Есептердің аты	Шешілетін есептердің қысқаша, қолданбалы сипаттамасы
221.2		Есептің иерархиясы	Есептің иерархиясы	Есептің, шағын есептің иерархиялық құрылымы
221.3			Есептің сипаттама-сы	Есеп мүмкіндікті жалпы қолданыстағы нысанда сипатталуы тиіс. Өндеу ережесін және олардың логикалық және уақытша тәуелділігін сипаттау керек
221.4		Әдістер	Әдістер	Есептерді шешу үшін пайдаланылатын есептеудің теориясы мен әдістерін қысқаша сипаттау
221.5			Теоретика-лық принцип-тер	Проблемаларды шешу үшін теоретикалық принциптерді көрсетіңіз. Пайдаланылатын әдістердің мәнді қадамдарын сипаттау
221.6			Өлшем бірліктері	Пайдаланылатын өлшем бірліктерін көрсетіңіз
221.7		Есептерді шекте	Есептерді шекте	Бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану саласында, ең бастысы, мақсатты талаптарды шектеу және шектеу
221.8			Шекті шарттар	Қолданудың техникалық, есептік немесе заңдық шектеулерін көрсетіңіз
221.9			Өндеу уақыты	Есептерді өндеуге жіберілген ең жоғары уақытты көрсетіңіз
221.10	Заңдар мен ережелерге сілтеме	Заңдар мен ережелерге сілтеме	Заңдар мен ережелерге сілтеме	Функционалдық талаптардың бір бөлігі болып табылатын заңдарға, стандарттарға, бастауыш принциптерге, жарғыларға, ережелерге, шектеулерге сілтемені көрсетіңіз
221.11			Заңдар мен ережелер	Бағдарламалық қамтамасыз етуге қатысы бар, шығу көздерін қоса алғанда, заңдардың, стандарттардың, жарғылардың, ережелердің маңызды детальдерін көрсетіңіз және қажетінше түсіндіріңіз
222	Ақпарат. Жүйеге қажетті барлық мәліметтерді көрсетіңіз.			
222.1	Деректердің атауы	Деректер-дің атауы	Деректер-дің атауы	Нақты қолдануға бағытталған деректердің атауын кірістік деректер сияқты шығыстық деректерін де белгілей отырып көрсетіңіз
222.2	Деректердің мазмұны	Деректер-дің мазмұны	Деректер-дің мазмұны	Қажеттілігіне қарай деректердің түпкі мазмұнын деректердің топтарын деректерді сақтау жөніндегі талаптарға сілтемесімен қоса атап көрсетіңіз

222.3		Деректер-дің иерар-хиясы	Деректер-дің иерар-хиясы	Деректердің құрылымын көрсетіңіз, мысалы, иерархиясын
222.4		Деректер-дің көздері/мекен-жайы	Деректер-дің көздері/мекен-жайы	Деректердің көздерін көрсетіңіз Деректердің мекен-жайы; қажеттілігіне қарай деректер топтарынан және дара деректерден сұраңыз
222.5		Деректер тобының атауы	Деректер тобының атауы	Нақты қолдануға бағытталған деректер тобының атауын көрсетіңіз
222.6		Деректер тобының мазмұны	Деректер тобының мазмұны	Қажеттілігіне қарай деректер тобының түпкі мазмұнын деректер элементін деректерді сақтау жөніндегі талаптарға сілтемесімен қоса атап көрсетіңіз
222.7		Деректер тобын пайдалану	Деректер тобын пайдалану	Проблемаларға қатысы бойынша деректер тобын пайдалануды көрсетіңіз, мысалы, деректерді пайдалану жөніндегі кесте
222.8			Деректер-дің өзара байланысы	Деректер тобының, деректер элементтері мен есептері арасындағы байланысты көрсетіңіз, мысалы, кіргізу/шығару матрицасы, шешімдер кестесі
222.9			Деректер элементі-нің атауы	Нақты қолдануға бағытталған дара деректер элементтерінің атауын көрсетіңіз
222.10			Деректер элементі-нің мазмұны	Дара деректер элементтерінің түпкі мазмұны мен маңызын көрсетіңіз, мысалы. Ақпаратты қорғау жөніндегі талаптарға сілтемемен қоса константа
222.11			Деректер элементін пайдалану	Проблемаларды шешуде деректер элементтері қалай пайдаланылатынын көрсетіңіз, мысалы, параметрлер, константтар
222.12	Деректер көлемі	Деректер көлемі	Деректер көлемі	Өңдеу үшін деректердің көлемін көрсетіңіз
222.13			Деректер-ді енгізу Жиілігі	Бөлу тығыздығын және деректердің санымен қоса деректерді енгізуді уақытқа бөлуді көрсетіңіз
222.14			Деректер-дің артуы	Уақыт интервалында бөлінген деректер көлеміндегі күтілетін артуды көрсетіңіз
223	Пайдалану дайындығының сипаттамасы Дайындық сипаттамасы, негізінен, жүйенің дайындығын көрсететін сандық шама болып табылады, мысалы, бөлу тығыздығы, уақытқа бөлу			
223.1	Жүйенің дайындығы	Жүйенің дайындығы		Жүйе пайдалану үшін дайын болуға тиісті уақытты немесе уақыт кезеңдерін (мысалы, уақыт, күн) көрсетіңіз

223.2		Реакция уақыты		Нәтижелерге жету үшін жүйе үшін берілген ең жоғарғы уақытты көрсетіңіз
223.3		Аяқтау мерзімі бойынша жоспарлау		Жүйе нәтижелері дайын болғандағы уақыт интервалын көрсетіңіз
224	Шектеу Шектеу қауіпсіздікті, құпиялылықты, сақталуын, пайдаланылуын қамтамасыз етеді			
224.1	Физикалық шектеу			Мақсатты ортада қол жетімді ұйым мен өндіріске негізделген шешімдердің қисыны бойынша талаптар
224.2	Техникалық шектеу			Ақпараттық технологияларға негізделген талаптар
225	Терминология			
225.1	Терминдер			Құжаттарда пайдаланылатын ұсынылатын ерекше ақпараттар мен анықтаулардың тізімі
225.2	Сипаттаушы			Іздеу терминдері ретінде пайдаланылуы мүмкін сипатталған жүйені және оның бірегей қасиеттерін баяндайтын түйінді сөздер
226	Ақпараттық модель			
226.1	Әдістер	Әдістер		Жүйенің ақпараттық талаптарын шешу үшін пайдаланатын ақпараттық моделдеу теориялары мен әдістерінің қысқаша сипаттамасы
226.2		Теориялық негіздеме		Ақпараттық моделдеу үшін теориялық негіздемені көрсетіңіз. Деректердің шартты белгілерін және өзара байланысын көрсете отырып, деректердің объектілерін сипаттаңыз
226.3		Деректер базасы/ деректер сөздігі		Деректер базасымен/деректер сөздігімен жүйені басқару үшін деректер объектілерінің функционалдық құрылымын ұйымдастыруды сипаттаңыз
	23 Жүйенің элементтері. Жоспарланған талаптарды орындай отырып немесе қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыз етуге сәйкес жүйенің элементтерін сипаттау			
	231 Жүйені ұйымдастыру			
2311	Құрылым	Құрылым		Жүйенің жалпы құрылымын көрсетіңіз
2312	Интерфейстер	Интерфейстер		Басқа жүйелерге қатысы бойынша және жүйенің элементтері арасындағы интерфейстерді сипаттаңыз
	232 Бағдарламалық қамтамасыз ету элементтері			
2321	Бағдарламалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру			

2321.1	Бағдарламалық қамтамасыз етудің атауы	Бағдарламалық қамтамасыз етудің атауы	Бағдарламалық қамтамасыз етудің атауы	Әзірлеу, тарату және пайдалану ішінде пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етуді бірдейлендіру үшін атау. Егер бағдарламалық қамтамасыз ету бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесінің бір бөлігі болып табылса, онда да жүйенің атауы көрсетілуі тиіс
2321.2		Балама аты	Балама аты	Кейбір бағдарламаның атауы ерекшеленуі мүмкін (бір уақытта пайдаланған кезде), мысалы, күйге келтірудің айырмашылығына байланысты немесе әртүрлі қолдану кезінде
2321.3	Нұсқа	Нұсқа	Нұсқа	Бағдарламаның атауына қосымшада бағдарламаның кейбір болжамдары/ нұсқалары немесе оның баламалары арасында ерекшелікті табуға болады. Құжаттар расталған болжамдардың нұсқалардың жай-күйін сипаттауы тиіс
2321.4	Шығарылым	Шығарылым	Шығарылым	Бірінші және қазіргі расталған болжамдар/ нұсқалар шығарылымының атауы
2321.5	Шығарылым күні	Шығарылым күні	Шығарылым күні	Бірінші және қазіргі расталған болжамдар/ нұсқалар шығарылымының күні
2321.6		Атты шақыру	Атты шақыру	Бағдарламалау тілінде, жоспарлау (псевдо-код) тілінде немесе еркін нысанда пайдаланылатын бағдарламаны шақыру атын бекіту
2321.7			Шақыру бойынша талаптар	Бағдарламаны дұрыс шақыру үшін жағдай, мысалы, шешілген параметрлердің комбинациясы, оқиғалары мен триггерлері
2321.8	Енгізу аты	Енгізу аты	Енгізу аты	Қолдануға бағытталған енгізу атын көрсетіңіз. Айырмашылықтар сақталып қойылған және деректер базасы сияқты өңделетін деректерді енгізу мен өңдеуді қажет ететін деректер арасында жүргізіледі
2321.9		Енгізу мақсаты	Енгізу мақсаты	Енгізу мақсатының сипаттамасы

2321.10			Енгізу деталы	Деректер сипаттамасын ұйымдастыру жөніндегі ұсынысқа қосымшада қажетті алгоритмді және кіруге мүмкіндік ережесін сипаттау немесе атау керек. Бұл, сондай-ақ команданы және функцияны басқаратын команда үшін де талап етіледі. Статистикалық деректер үшін бағдарламамен қандай бастапқы мәндер енгізілгенін көрсету керек. Форматталған кіру деректері үшін деректердің тізбектілігі көрсетілуі тиіс. Сондай-ақ мысалдар келтіруге болады. Форматталмаған кіру деректері үшін осы деректердің мынадай: - бөлгіштер және олардың функциялары, деректерді бірдейлендіру үшін түйінді сөздер, нөлдік мән шартты белгілері көрсетілуі тиіс.
2321.11	Шығу аты	Шығу аты	Шығу аты	Нақты қолдануға бағытталған шығу атын көрсетіңіз. Алдағы өңдеу үшін сақталатын деректер мен бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесінен тыс пайдаланылатын деректердің арасындағы айырмашылық, мысалы, техникалық процестерді басқару үшін кестелер, экрандар, графикалық құрылғылар, басқару командалары
2321.12		Шығу мақсаты	Шығу мақсаты	Шығу мақсатының сипаттамасы
2321.13			Шығу деталы	Ұйымдастыру жөніндегі бекітулерге қосымшада бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесінен тыс пайдалануға арналған деректер тиісті интерпретациялық қолдаумен немесе олардың қалыптасуын сипаттайтын ережелермен шығу үлгілерінде жазылуы тиіс (мысалы, деректердің шығуы)
2321.14			Берілетін ақпарат	Өзгеріссіз берілетін ақпараттың сипаттамасы
2321.15	Бағдарлама функциясы	Бағдарла- ма функ- циясы	Бағдарла- ма функ- циясы	Бағдарлама функциясының және пайдаланушылар интерфейстерінің қысқаша сипаттамасы
2321.16		Ақпарат- тық ағымның	Ақпарат- тық ағымның	Ақпараттық ағым әртүрлі деңгейде берілуі тиіс, мысалы, ақпараттық ағым схемаларымен. Барлық енгізу-шығару

		сипатта-масы	сипаттамасы	деректері және бағдарламалық модульдер арасындағы барлық берілетін деректер (ақпарат) мәніне қатысты, уақытша жүйелілікпен ақпарат тасығышта және енгізу-шығару құрылғысында жазылуы тиіс
2321.17		Бағдарламаның орындалу жүйелілігі	Бағдарламаның орындалу жүйелілігі	Ішкі пайдаланудың жүйелілігі әртүрлі деңгейлерде сипатталуы тиіс; бағдарламалық модульдерді, кіші бағдарламаларды, шартты ауысуларды, ілмектер мен синхрондау секторларын ұсынуы қажет. Сипаттама әдістері: - блок-схемалар, - шешімдер кестесі, - құрылымдық схемалар. Сипаттама әдістері, егер бағдарламаны сипаттау үшін қажет болса, біріктірілуі мүмкін. Сипаттамада бағдарламалық қамтамасыз ету ағымының тікелей және кері қозғалысы болуы тиіс; сондай-ақ бағдарламаның көздері және функция сыныбы үшін айқасқан сілтемелер қажет.
2321.18			Алгоритмдер	Әдіс сипаттамасы есептің қойылымына және бағдарламалық қамтамасыз ету конструкциясына байланысты берілетін шешімдер мен алгоритмдер. Бағдарламалық қамтамасыз ету конструкциясында пайдаланылатын әдістерді атаңыз
2321.19			Пайдаланылатын кодтарға кілт	Пайдаланылатын форматтардың және кодтар мәнінің сипаттамасы. Конструкция және мүмкіндікті бағалау жүйесін көрсетіңіз
2321.20 2321.21			Қателерді өңдеу	Қателердің болуын тексеру жөніндегі тесті көрсетіңіз және қателер жөніндегі қолданыстағы хабарларды және ақырғы іс-қимылдарды көрсетіңіз
			Жұмыс режимі	Жұмыс режимін көрсетіңіз (топтық операция, нақты уақыттағы жұмыс)

2321.2 2		Бағдарламалық қамтамасыз ету құрылымы	Бағдарламалық қамтамасыз ету құрылымы	Проблемаларды шешуге қатысты бағдарламалық қамтамасыз ету элементтеріндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді құрылымдау (бағдарламалар, кіші бағдарламалар, модульдер, процестер, жалпы модульдер/ процестер). Құрылымдау графикалық сияқты мәтіндік түрде де берілуі мүмкін.
2321.2 3		Бағдарламалық қамтамасыз ету блоктары	Бағдарламалық қамтамасыз ету блоктары	Тізімде бағдарламалық қамтамасыз етудің атауы, кіру нүктесі және блоктардың интерфейстері мен олардың өзара байланысы болуы тиіс
2321.2 4	Операциялық жүйе	Операциялық жүйе	Операциялық жүйе	Модификациясыз бағдарламалық қамтамасыз етуді орындай алатын операциялық жүйенің дайындаушысын, атауын, шығарылымы мен нұсқасын көрсетіңіз
2321.2 5	Басқа бағдарламалық қамтамасыз ету	Басқа бағдарламалық қамтамасыз ету	Басқа бағдарламалық қамтамасыз ету	Басқа да барлық қажетті бағдарламалардың дайындаушысын, атауын, шығарылымы мен нұсқасын көрсетіңіз, мысалы, бағдарламаны пайдалану үшін қажетті көмекші коммуникациялық бағдарламалар немесе басқа бағдарламалық өнімдер
2321.2 6			Бағдарламалау тілі	Бағдарламалау тілдерінде пайдаланылатын, дайындаушысын, шығарылымы мен нұсқасын қоса алғанда, нақты көрсетілген атау
2321.2 7			Өзірлеудің/Пайдаланудың инструменттік құралы	Дайындаушысын, шығарылымы мен нұсқасын қоса алғанда, қажетті құралдарды (компиляторлар, ассемблерлер немесе интерпретаторлар) көрсетіңіз
2321.2 8			Негізгі код	Комментарийді қоса алғанда, нұсқаулық пен декларацияның (мысалы, бастапқы мәндер және константтар) немесе негізгі тілдегі ереженің жүйелілігі. Негізгі код, сондай-ақ компилятор, ассемблер немесе интерпретатор беретін листингтің бір бөлігі болуы мүмкін
2321.2 9			Транслятор, байланыс арнасы	Негізгі кодтан жүктеме мен жұмыс циклінің нысанына аударылатынын көрсететін құжат. Мыналарды көрсету қажет: - қате құжаттарды қоса алғанда,

				компиляторланған, жинақталған немесе интерпретаторланған бағдарламалық қамтамасыз етудің тізбесі, - символикалық адресстер мен жадты бөлу тізбесі, - адресстік сілтеменің кері қозғалысының тізбесі - жүктеме үшін адресстік сілтеменің тізбесі
2321.30		Бағдарламалық қамтамасыз ету мөлшері	Бағдарламалық қамтамасыз ету мөлшері	Пайдаланылатын бірліктердегі бағдарламалық қамтамасыз етудің толық мөлшері, мысалы, негізгі кодтың байты, сызығы. Егер қажет болса мөлшерін белгілеңіз
2321.31	Шығыстар	Шығыстар	Шығыстар	Сатып алынған құрал-жабдықтардың шығыстарын көрсетіңіз, мысалы, сатып алынған/жалға алынған құн және бағдарламалық қамтамасыз етудің операциялық шығыстары (ағымдағы қызмет көрсету бойынша шығыстар)
2322	Деректерді ұйымдастыру			
2322.1	Файлдың аты	Файлдың аты	Файлдың аты	Файлдарды бірдейлендіру үшін атауларды бекіту, оның ішінде: - нақты қолдануға бағдарланған атау; - бағдарламаны файлдармен қосатын операциялық жүйенің атауы, - акпараттар сақталатын (қажетіне қарай) деректер базасының атауы
2322.2	Файлдың мазмұны	Файлдың мазмұны	Файлдың мазмұны	Мазмұн мен мақсаттың қысқаша сипаттамасы
2322.3		Файлдың индексі	Файлдың индексі	Құрылымы немесе мәні бойынша ерекшеленетін файлдар деректерінің немесе деректер тобының индексі
2322.4		Өзара байланыс	Өзара байланыс	Деректердің немесе деректер тобының файлдармен, оның ішінде құрылыммен өзара байланысын көрсету, енуге мүмкіндік үшін мүмкіндікті түйінді акпарат сияқты жүйелілікті сорттаушы деректердің/деректер тобының жүйелілігі
2322.5	Файлды пайдалану	Файлды пайдалану	Файлды пайдалану	Транзакция файлы, баспа файлы сияқты файлдардың пайдаланылуын көрсетіңіз

2322.6		Файлды ұйымдас-тыру	Файлды ұйымдас-тыру	Жүйелі, еркін, ассоциативтік, салыстырмалы сияқты деректердің пайдаланылуын ұйымдастыру. Егер сақтау үшін стандартталған (нормативтік) әдіс пайдаланылса, ол көрсетілуі тиіс. Кез келген стандартталмаған әдіс сипатталуы тиіс.
2322.7			Файлдың құрылы-мы	Егер файлда құрылым бар болса, ол сипатталуы тиіс; Егер құрылым жоқ болса, оны көрсету қажет
2322.8		Деректер тасығыш	Деректер тасығыш	Файл үшін жазба тасығыштары түрлерінің деталын көрсетіңіз
2322.9			Файл меткасы	Әрбір деректер тасығыштар үшін пайдаланылатын меткалардың сипаттамасы мен атауы (мысалы, магниттік ленттер, қатқыл дискілер, CD-ROM үшін)
2322.10			Есте сақтай-тын әдіс	Әрбір тасығыштар үшін блокталған/блокталмаған, қысылған/жайылған сияқты есте сақтайтын әдіс көрсетілуі тиіс
2322.11			Жадтағы қажетті-лік	Тасығыштағы файл жадындағы қажеттілік абсолюттік нысанда сияқты, алгоритмдер нысанында да стандарттық бірлікте көрсетілуі тиіс (мысалы, байттарда, сөздерде).
2322.12			Код	Белгілерді (символдарды) көрсету үшін пайдаланылатын кодты көрсетіңіз
2322.13		Сілтеме-лік тип	Сілтеме-лік тип	Әрбір файл үшін енуге мүмкіндіктің (іріктеу) пайдаланылатын әдісі көрсетілуі тиіс
2322.14		Енуге мүмкін-дік ережесі	Енуге мүмкін-дік ережесі	Адамдардың немесе бағдарламаның енуге мүмкіндігін анықтайтын көрсеткіштердің немесе әдістердің сипаттамасы/атауы
2322.15		Қорғау	Қорғау	Файлды қорғау үшін физикалық шарттарды немесе уақытқа байланысты шарттарды көрсетіңіз
2322.16			Сақталу кезеңі/жарамдылық мерзімі	Сақталу кезеңін немесе жарамдылық мерзімін көрсетіңіз. Егер қажет болса, қосымша уақыт кезеңдерін немесе енуге мүмкіндік шектеулі болған кездегі уақыт кезеңдерді көрсетіңіз
2322.17			Қауіпсіздік әдісі	Қауіпсіздік үшін пайдаланылатын әдістердің сипатта-масы немесе атауы
2322.18		Тарату	Тарату	Тарату үшін шартты бекіту (уақытқа қатысты немесе қолданылуына байланысты) және пайдаланылатын әдістің атауы мен сипаттамасы

2322.1 9		Деректер- ді басқару	Деректер- ді басқару	Деректерді басқару жүйесінің атауы, дайындаушысы мен нұсқасы
2322.2 0			Техника- лық қызмет көрсету ұйымы	Файлдың түпнұсқасы үшін жауапты ұйымның мекен-жайы немесе байланыс адамының аты-жөні
2322.2 1	Деректер тобының атауы	Деректер тобының атауы	Деректер тобының атауы	Деректер тобының атауы, оның ішінде: - қолданбалы жүйеге бағытталған атау, файлдардағы жазуларды көрсету үшін пайдаланылатын атау
2322.2 2	Деректер тобының мазмұны	Деректер тобының мазмұны	Деректер тобының мазмұны	Мазмұн мен мақсаттың қысқаша сипаттамасы
2322.2 3	Деректер тобының құрылы-мы	Деректер тобының құрылы- мы	Деректер тобының құрылы- мы	Деректер тобындағы олардың атауын, олардың орналасқан жерін көрсете отырып деректер объектілерін атап көрсете отырып деректер құрылымын көрсету. Ұзындыққа шек қоюшыны және әртүрлі деректер тобы үшін жүйелілікті көрсету керек. Егер деректер объектілері есте сақтау үшін қысыңқы болса, онда әдісті сипаттау немесе атау керек
2322.2 4		Деректер тобының форматы	Деректер тобының форматы	Деректер тобында қандай ұзындық бар: тұрақты немесе ауыспалы. Басқа форматтар сипатталуы тиіс
2322.2 5			Деректер тобының ұзынды- ғы	Стандарт бірлігіндегі деректер тобының ұзындығын көрсетіңіз (байттардағы немесе сөздердегі). Ауыспалы ұзындық үшін, ең болмағанда, ең жоғары мүмкіндікті ұзындықты көрсетіңіз
2322.2 6			Деректер тобының коды	Символдарды көрсету үшін пайдаланылатын кодты көрсетіңіз
2322.2 7		Енуге мүмкіндік ережесі	Енуге мүмкіндік ережесі	Субъектінің немесе бағдарламаның мүмкіндікті әдісінің сипаттамасы немесе атауы
2322.2 8	Деректер объектісінің атауы	Деректер объектісі нің атауы	Деректер объектісі нің атауы	Деректер объектілерін немесе деректер элементтерін анықтау үшін пайдаланылатын атауды, оның ішінде: - қолданбалы жүйеге бағытталған атауды, - деректер тобы үшін пайдаланылатын атауды көрсетіңіз
2322.2 9	Деректер объектісінің мазмұны	Деректер объектісі- нің	Деректер объектісі- нің	Қолданбалы жүйеге бағытталған мазмұнның қысқаша сипаттамасы

		мазмұны	мазмұны	
2322.3 0	Деректер объектісінің типі	Деректер объектісінің типі	Деректер объектісінің типі	Объектінің мазмұнына жауап беретін деректер объектісінің типін көрсетіңіз, мысалы, код, мәтін, көрсеткіш, вектор, уақыт, кесте
2322.3 1		Деректер объектісінің ұзындығы	Деректер объектісінің ұзындығы	Стандарт бірлігіндегі деректер объектісінің ұзындығын көрсетіңіз; ауыспалы ұзындық үшін, ең болмағанда, ең жоғары мүмкіндікті ұзындықты көрсетіңіз
2322.3 2			Деректер объектісінің коды	Символдарды көрсету үшін пайдаланылатын кодты көрсетіңіз
